КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
(қысқаша)

2024 жылғы 27 маусым № 5501-23-00-2/1639 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ищанов А.Т., оңайлатылған іс жүргізі тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар облысы Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Павлодар қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Рауан Бауржанович Есалиев «АсылНур» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІМІ:</u>

Азаматтық процестік кодексінің 109, 267-2, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Павлодар облысы Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Павлодар қаласы)" республикалық мемлекеттік мекемесінің Рауан Бауржанович Есалиев "АсылНур" жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Рауан Бауржанович Есалиев «АсылНур» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Рауан Бауржанович Есалиев «АсылНур» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 154 125 (жүз елу төрт мың жүз жиырма бес) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажды төлеуге арналған шығыстар 6 469 (алты мың төрт жүз алпыс тоғыз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген ережелер бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ищанов А.Т.**

Көшірме дұрыс
Судья **Ищанов А.Т.**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 27.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.08.2024, судья Бертыбаева Г. Т., 07.08.2024

5501-24-3-1/1758